

Кафедра күніне арналған
«Менің мамандығым - менің болашағым»
тақырыбында концерттік іс шара

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Ветеринария және Зооинженерия» факультеті «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының оқытушылары және ВМ-24-03 тобының студенттері 6 ВМ 24-05 топ студентті бірлесе отырып, «Менің мамандығым - менің болашағым» атты тақырыпта 08.11.2024ж. іс шара №11 оқу ғимараты 303 аудиториясында өткізілді.

Мақсаты: "Мамандық" құндылығы туралы түсініктерді кеңейту.

Міндеттері: - мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту, мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу, еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

Өткізілген концерттік іс шарада, күй шертіліп, білікті де білімді оқытушыларымыздан сұхбат алып, видео көрсетіліп, студенттермен ән айтылып, би биледі. Сонымен бірге сергітер сәт бойынша студенттермен сұрақ жауап және мақал мәтелдер айтылды. Оқытушылар, ұйымдастырушыларға, барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, жоғары деңгейде өткенін айта кетті.

Қонақтар ұйымдастырушыларға, барлық ат салысқан белсенді білім алушыларға алғысын білдіріп, жоғары деңгейде өткенін атап өтті.



